| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсаты: балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын | "Бауырсақ" театрландырылған ойын (саусақ театры). Мақсат-міндеттері. Ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту. Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері (қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері. Алдын ала жүргізілетін | Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Дидиактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат". Мақсаты: балалардың | Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап". Мақсат-міндеттері. Баладың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; | Дидактикалық ойын. "Суреттің тізбектегі орнын тап". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру. | жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту. | тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу. | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Дәстүрлі емес құралдарды балалар денесін шынықтыруға қолдануға ата-аналарға тұрмыстық қалдық заттардан қалай жасауға болатыны туралы кеңес беру. | Төлепбергенова Дана Нұрланқызына «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»туралы кеңес беру | Туремуратова Ляззат Хамзатовнаға Кеңес: «Баланы тым еркелетпеңіз?» | Тайжигитова Айткуль Кабидуллаевнаға баламен бірге ойнау туралы кеңес беру | Қайрат Назерке Қайратқызы кеңес: «Көшедегі жол ережесі». |

Scanned with CamScanner

Тексерілді
Әдіскер ________
«15» «09» 2023-24 оқу жылы
Махоевова Г.Ж.

# Тәрбиелеу - білім беру процесіні ң циклограммасы

**Білім беру ұйымы**: Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
**Топ:** Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектепалды «Ақбота»
**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар
**Қандай кезеңге жасалды:** 18.09.- 22.09. Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы
**Тәрбиешілер:** А.Б.Дуйсенова

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 18.09.2023** | **Сейсенбі 19.09.2023** | **Сәрсенбі 20.09.2023** | **Бейсенбі 21.09.2023** | **Жұма 22.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы көрінісін тексеру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру; балаларға жағымды орта ұйымдастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Жубатова Фариза Идаятовна,Жасакбаева Айнур Ермекбайқызымен жеке жұмыс: Әңгімелесу. Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру. | Туремуратова Лязат Хамзатовнаға балаға немқұрайлы баға бермей, ылғи да сүйемелдеп отырып,жиі шыдамдылығы мен жетістігі үшін мақтап отыру туралы әңгімелесу. Длимова Бахытгуль Зайырбаевнаға балаға көңіл бөліп, әңгімелесу туралы кеңес беру. | Сарина Жансая Муратовнаға ойыншықтарын жинап қоюға, киімдерін бүктеу, өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйрету туралы әңгімелесу. | Ахметирза Майра Сагингалиевна және Сиыршина Бағдагул Алпысбаевнамен «Бала өмірінде дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес. | Мусиркепова Тамара Садуакасовнамен жеке жұмыс: балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-** | **Еңбек дағдыларын дамыту.** Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку.Балалардың ұғымында жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**"Жалпы атауын бер" үстел үсті | **Саусақ жаттығуы.** М. Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты жоғары көтеру, бүгу) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз) Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ | **Дидактикалық ойын. «Домино».** Міндеттері. «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс ататқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. | **Дидактикалық ойын. «Суретті құрастыр».** Міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам | **Дамытушы ойын. "Мен өзіммен бірге жолға аламын".** Міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бейнеленген карточкалар. Сипаттама. Балаңызға жүзуге |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | ойыны.<br>**Еркін ойын**<br>Үстел үсті ойыны.<br>"Жалпы атауын бер".<br>Міндеттері. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды. (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздар мен ұлдардың киімдері). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алдыға қарай созамыз) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | құрастырып, дұрыс атаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау қажет. Баладан бір суретті жеке алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "сіз демалыс кезінде доп ойнай аласыз, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді және тағы басқа." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығулар кешені**<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру) **(қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету.** Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Міне — қасық, міне — ас.<br>Еш нәрсені қалмас.<br>(таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)<br>**Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті**(кезекшілердің әрекеті)<br>**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет**(тамақтану) | | | | |
| **Ұйымдастыр ылған іс-әрекетке дайындық** | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жақсы мен жаман »<br>Мақсаты: Ойлау, зейінді болуға дамыту. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Зат неге ұқсайды»<br>Мақсаты: Балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтады. | **«Саусақ ойыны» :**<br>«Бақшадағы қызанақ пен қияр»<br>Мақсаты: Бақша туралы түсінік бере отырып, көкіністерді ажыратабілуге үйрету. | **Суретпен әңгіме**<br>«Менің балабақшам»<br>Мақсаты: Балалармен балабақша туралы әңгімелесу. |
| **Ұйымдастыр ылған іс-әрекет** | **Қазақ тілі**<br>Жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Математика негіздері**<br>бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасын | **Сауат ашу негіздері**<br>Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету;<br>дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;<br>дидактикалық ойын:«Буынға бөлейік» | **Сауат ашу негіздері**<br>дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;<br>**Көркем әдебиет**<br>Шығармашылық әңгімелеу.<br>Тәрбиешінің | **Дене шынықтыру**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша<br>**Математика негіздері**<br>жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы; ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ | **Сауат ашу негіздері**<br>дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;<br>4) қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын: «Адасқан сандар» сандар қатары туралы түсініктерін бекіту, есте сақтау қабілетін дамыту<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;<br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі»<br>Әңгімелей білуге, сөздік қорларын байыту.<br><br>**Дене шынықтыру бассейн**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша | **Қазақ тілі**<br>жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру<br>«Бұл қай малдың төлі?»<br>**Музыка**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынш<br><br>**Математика негіздері**<br>жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын<br>**«Қайсысы дұрыс»** | әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br><br>**Сурет салу**<br>Сәндік сурет салу. түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты | жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»<br>Есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту.<br><br>**Музыка**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынш<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br><br>Сөздік кор.балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту;<br><br>Сурет бойынша әңгіме құрау | қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік кор.балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен,сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту;<br>Дидактикалық ойын:<br>«Ойыншықтарды түсіне, пішініне қарай айтып бер»<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. «Сүйікті менің ойыншығым» **Жапсыру** Сәндік жапсыру. түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету «Ойыншығым әдемі» **Мүсіндеу** Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіру. «Ойыншықпен ойнаған бала» **Құрастыру** өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. | | кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күзгі жапырақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)<br>"Аққу-қаздар", "Ұстап | **Ауа райының жағдайын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Еңбек**.Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары. **(дене** | **Ағашты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Еңбек.**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс | **Жыл құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.<br>**Еңбек**.Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тұқымдарын жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.** (дене шынықтыру)<br>"Ит пен торғай".<br>Мақсат-міндеттері. Торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; | **Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>**Еңбек**. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жүйектерді үгінділермен толтыру.**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері. Жұппен жұмыс істеуді үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.** (дене шынықтыру)<br>"Қай жерде |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ал". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Мені қуып жет". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету. | **шынықтыру)** "Кім жылдам", "Батпырауық және тауық". Мақсат-міндеттері. Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары.** (дене шынықтыру) "Қайыңға қарай жүгір". Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Өзенді кесіп өт". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. **(Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі)** | олардың дауыстарына еліктеуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | жасырынғанын тап". Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүру және жүгіру техникасын жетілдіру. **(дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>**Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет;**<br>**Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет** (кітап оқып беру);<br>**Музыка –шығармашылық әрекет** (музыка тыңдау);<br>**Қоршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек** (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу); | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықты ру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін жамылған күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының бірнешеуін ғана орындайды; (төсекте жатқанда 2-3 минут гимнастика жасау балалардың ұйқысы ашылуына бағытталған). Жаттығуларды ояу балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады.)<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету .Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбекәрекеті (кезекшілердің әрекеті)<br>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Суреттер жұптары (екінші суретте, бірінші суретке қарағанда көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруге ұсынады. Балалар | **Логикалық ойын.**<br>"Келешекте неге айналады?"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін.<br>Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Кірпілерге жемістер".<br>Мақсаты: балалардың өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру.<br>"Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны.<br>**Қимылды ойын "Ақ қоян".**<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>Ойын мазмұны: балалар шеңбер | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Мақсаты: балаларды қылқаламмен алма мен алмұртты бейнелеуге үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқалам ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасы шетінен шықпай салу тәсілдерін игерту.<br>Түсті қабылдау қабілетіне жаттығу. "Түсті танып, ата".<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Шалқан" ертегісін қуыршақ театрымен сахналау.<br>"Бейбітшілік құсы - | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Жапырақтар әлемі".<br>Мақсаты: балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру.<br>Дидактикалық ойын: "Қай ағаштың жапырағы?".<br>**Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".**<br>Мақсаты: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді.<br>Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік сақтау, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; | объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) | жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>- Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші.<br>Шеңбердің шетін үзсеңші, - дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | қарлығаш".<br>Мақсаты: балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып, бүгу арқылы қарлығашты құрастыруға үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірлерінен ажырата білу; қол саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Дидактикалық ойын: "Құстарды ажырат". | сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, қарға ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, арба ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, дауыл ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, торғай ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, жылан ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Осылайша жүргізілген |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойында жаңылмаған ойыншы женеді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Нұрислам, Ибрагим, Асылыммен «Сиқырлы суреттер» ойыны Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. | Әлихан, Әли, Жанасылмен дидактикалық ойын «Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсаты: жемістер мен көкөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көкөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала тек жеміс-жидектерді жинап алуы керек. | Каусармен сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. | Даниал, Әмина, Асылым, «Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді | Ақниет, Бекзатпен «Кел, жазайық» Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |
| **Серуенге дайындық** | киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. . (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет). Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету (дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; | Таза ауада ойындар, әңгімелесулер, күз туралы тақпақты қайталау. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - | «Күз сыйы » қолдан жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - | Көкөністер туралы әңгімелеу. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл | Қоршаған ортаны қарап, бақылау, әңгімелеу. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Еркін ойындар. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойындар.<br>Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі | коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі | коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі | белсенділігі | әрекеттері, қимыл белсенділігі |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету | | | | |
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы».<br>Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. (көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу | "Өз үйіңді тап" қимылды ойын.<br>Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» дегенде үйлеріне жүгіреді (сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі | Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Кірпілерге жемістер".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру.<br>"Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету.<br><br>Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата".<br>Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен | "Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету.<br><br>Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".<br>Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына тақпақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі.<br>Бастаушы:<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) | Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр".<br>Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту.<br><br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ажыратуды үйрету. | Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі уақытты балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы». | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. | Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. |

Scanned with CamScanner

Тексерілді
Әдіскер ___
«22» «09» » 2023-24 оқу жылы
Бисенгалиева Ж. С.

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Ақтөбе облыстық білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған облыстық арнайы (түзетім) балабақшасы
**Топ:** Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектепалды «Ақбота»
**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар
**Қандай кезеңге жасалды:** 25.09.- 29.09.Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы
**Тәрбиешілер:** А.Б.Дуйсенова

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 25.09.20223 | Сейсенбі 26.09.2023 | Сәрсенбі 27.09.2023 | Бейсенбі 28.09.2023 | Жұма 29.09.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Туремуратова Лязат Хамзатовнамен баланың ойыншықтарын жинап қоюға, киімдерін бүктеу, өзіне-өзі қызмет көрсетуге үйрету туралы әңгімелесу. | Сарина Жансая Муратовнамен "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | Ахметирза Майра Сагингалиевна және Сырщина Бағдагул Алпысбаевнамен үйде қазақша сөйлеуге, ұялы телефонның зияны туралы, балаға телефон беруге болмайтыны туралы кеңес беру. | Мусиркепова Тамара Садуакасовнамен үйде Бекзатпен суреттер арқылы буындап сөздерді бөліп, анық айтуына көңіл бөлу туралы кеңес беру. | Жубатова Фариза Идаятовнамен жеке жұмыс: ертегі оқып беру, Ертегі мазмұнын бірге айтуға кеңес беру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, | **"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа іс-әрекеттер)** | өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері".** Міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа тәрбиелеу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. **(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Саусақ жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ".** Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>- Бір, екі, - деп, екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің<br>Үш, төрт, бес, - үлгердім<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті, - дегенде,<br>Жеттің шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз, он - дедім<br>Сайға сырғып жөнелдің<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, жұмысты ұқыпты істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Үстел үсті ойындары: «Пазлы»** Міндеттер. Балалардың танымдық қызығушылықтары артады. **(танымдық іс-әрекет)** | оны сумен шайыңыз. **Саусақ жаттығуы "Топ, топ, добым домалақ".** Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>- Бір, екі, - деп, екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің<br>Үш, төрт, бес, - үлгердім<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті, - дегенде,<br>Жеттің шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз, он - дедім<br>Сайға сырғып жөнелдің<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Үстел үсті ойыны.** **"Сиқырлы сандар".** Міндеттері. Балалардың ұғымындағы сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығулар кешені**<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею. | | | | |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру. (дене шынықтыру) (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)<br>Асты-шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Ақырын алып қолыңа,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдыңа<br>Тауысып іш, қалдырма.<br>Тамақ ішер кезде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Алтын күз тақырыбы бойынша күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>"Күз" туралы жұмбақтар шешу. (танымдық іс-әрекет)</td><td>"Күз" туралы тақпақтар жаттау. (танымдық іс-әрекет)</td><td>"Күз" тақырыбына байланысты мнемокарталармен жұмыс істеу. Балалар суретке бойынша толық мәтінді құрастырады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>Мозаика. Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Қазақ тілі<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға</td><td>Сауат ашу негіздері<br>дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу</td><td>Дене шынықтыру<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша</td><td>Сауат ашу негіздері<br>"Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>балаларды сөздегі дыбыстардың</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Математика негіздері**<br>жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру..<br><br>Дидактикалық ойын: «Күзгі жапырақтарды сана» сандар қатары туралы түсініктерін бекіту, есте сақтау қабілетін дамыту<br><br>**Көркем әдебиет** | үйрету;<br>қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қазақ тілі**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынш<br><br>**Математика негіздері**<br>жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. | ерекшеліктерін талдауға үйрету;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;<br>Адамгершілік нормалары туралы түсінік.<br>ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын;<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне | **Математика негіздері**<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Жапырақты пішініне қарай сәйкестендір»<br>Есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту<br>Дидактикалық ойын: «Пішіндерді сәйкестендір»<br><br>**Музыка**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынш<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; | бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету;<br>**Дене шынықтыру**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>Дидактикалық ойын: «Күзгі ерекшеліктерді ата»<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;Дидактикалық ойын: «Ерте, ерте ертеде....»<br>Әңгімелей білуге, сөздік қорларын байыту<br>**Дене шынықтыру**<br>**бассейн**<br>ұйымдастырылған іс-әрекеті маманның перспективалық жоспары бойынша | Дидактикалық ойын «Қайсысы дұрыс» | жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Дидактикалық ойын: «Бізге күз не әкелді?» «Гүл шоғын құрастыр»<br>**Сурет салу**<br>Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Ертегі желісі бойынша сурет салу; «Күздің гүл шоқтары әдемі»<br>**Жапсыру**<br>Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.<br>Сәндік жапсыру. түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету «Күзгі жапырақтар» | | жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Дидактикалық ойындар: «Бізге күз не әкелді?» «Гүл шоғын құрастыр» |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мүсіндеу**<br>Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіру.<br>**Құрастыру**<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тастар туралы, жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру.<br>Зерттеу.<br>Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.)<br>**Еңбек:** бақшадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бірлесіп жұмыс істеуді үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** (дене шынықтыру)<br>"Тас, қайшы, қағаз",<br>"Епті жұп".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогті мұқият тыңдауды үйрету, табандылықты дамыту; | **Шөптің солуын бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер)<br>Бақылау:<br>балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері)**<br>**Қимылды ойын:«Көгершін» ойын.**<br>(шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны)<br>Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.<br>**Еңбек:** қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.<br>**Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту,** | **Бақылау.** Жаңбырды бақылау<br>Мақсаты:Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық).<br>Жаңбырдан кейін күн салқындайтынын, шалшықтар ақырын кеуіп кетінін атап айту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді есте сақтауға үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуникативтік әрекет)**<br><br>**Еңбек:** бүршіктерімен жұмыс жасап үйрету, балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері)**<br><br>**Қимылды ойын:** «Төпешіктен | **Бақылау.**Жапырақтардың түсуін бақылау<br>Мақсаты: Табиғаттың бір құбылысының екінші бір құбылысымен өзара байланысын көруді үйрету; күзгі табиғат әсемдігін қабылдауға үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Еңбек :** Учаскедегі жапырақтарды жинау<br>Мақсаты:Балаларды жұмысқа белсенді қатысуға үйрету, жапырақтарды тырнауышпен тырнап, тасығышпен бір жерге жинастыру.<br>Еңбексүйгіштікке, өз бетінше жұмыс жасай алуға үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері)**<br><br>**Қимылды ойын:** «Асық, бірақ түсіріп алма»<br>Балаларды қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алуға жаттықтыру.<br>Мақсаты:Физикалық сапасын дамыту: шапшаңдық, ептілік.<br>**(Көркем әдебиет–коммуникативтік,ойын,** | **Бақылау.** Аспанды бақылау<br>Мақсаты: Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аудару, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Еңбек :** Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау<br>Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару**(Қоршаған ортамен таныстыру , еңбек әрекеттері)**<br>**Қимылдық ойын:**«Түйілген орамал»<br>Дыбыс бойынша әрекет жасайды, орамалды екі қолмен асыра лақтыру және қағып алу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
